МКҚҚ «Мерей» бөбекжай балабақшасы

Бекітемін
«Мерей» б\б менгерушісі
Г.Аблаева

# Ашық ұйымдастырылған іс-әрекет

«Күншуақ» тобы

**Тақырыбы:** «Заттардың санын цифрлармен сәйкестендіру»

**Тәрбиеші:** Қалауова Н

2022-2023 оку жылы

**Мерзімі:** 9.11.2022 жыл
**Тақырыбы:** «Заттардың санын цифрлармен сәйкестендіру»

**Мақсаты:** Балалар 1-5 тура және кері санай алады. Геометриялық пішіндерді ажырата алады. Заттардың санын цифрлармен сәйкестендіре алады. Тапсырмаларды дұрыс орындай алады. Суреттермен жұмыс жасай алады, математикалық ойын арқылы балалардың сөйлеу тілдерін дамыту. Логикалық ойлауларын, есте сақтау қабілеттерін қалыптастыру. Зейінділікке, ойшылдыққа, ұжыммен жұмыс жасай алуға тәрбиелеу.

**Керекті құрал-жабдықтар:** Мультимедиалық проектор, компьютер, себеттер, баклашкалар, түрлі-түсті қақпақтар, акварель бояуы, қылқаламдар, түрлі-түсті таяқшалар, тапсырмаларға керекті материалдар.

**Әдіс тәсіл:** «Асық терапиясы» әдісі, ой қозғау, тақпақ айтқызу, көңіл-күйді көтеру, сұрақ-жауап.

| **Қызмет кезеңдері** | **Тәрбиеші қызметі** | **Балалар қызметі** |
|---|---|---|
| **Мотивациялық ой қозғаушы** | -Сәлеметсіңдер ме, балалар<br>-Балалар бүгін көңіл-күйлерің қалай?<br>-Бүгін біздің тобымызға апайларымыз қонаққа келіпті қане апайларымызбен амандасып алайық.<br>***Шаттық шеңбері***<br>-Ал енді бүгінгі күніміз көңілді болу үшін шаттық шеңберіне тұрайық.<br>*Білер қазақ баласы,*<br>*Сәлем – сөздің анасы.*<br>*Алдымыздан кезіккен,*<br>*Көп таныcты көреміз,*<br>*Бәрінеде ізетпен,*<br>*Біздер сәлем береміз!*<br>*Сәлеметсіңдер ме?*<br>- Балалар енді өз орындармызға жайғасайық. Мен сендермен бір ойын ойнағым келіп тұр.<br>Ойынның аты «Тез ойлан». | -Сәлеметсіз бе, апай<br>-Жақсы<br><br>Балалар қонақтармен сәлемдеседі<br><br>Балалар шаттық шеңберін жасайды<br><br>-Сәлеметсіз бе, апай |
| **Ұйымдастырушы ізденуші** | Ойынға дайынбыз ба?<br>Айналамын-айналамын, допты кімге лақтырамын?<br>1) Бір жылда неше мезгіл бар? | -Иә<br><br>-4 жыл мезгілі бар |

| | | |
|---|---|---|
| | 2) Қазір жылдың қай мезгілі?<br>3) Күз мезгілінде ауа райы қандай болады?<br><br>4) 1-аптада неше күн бар?<br>5) Қоянның құлағы нешеу?<br>6) Қолымдағы дотың түсін ата<br><br><br>Жарайсыңдар, біздің смайлигімізде сендерге кереметсіңдер деп қошемет білдіріп жатыр.<br>Ой, балалар қараңдаршы жерде қандай заттар жатыр?<br>Олай болса үтел үстінде әр түрлі геометриялық пішіндер бар, соларды алып құлыптармен сәйкестендіріңдер.<br>Міне балалар біздер заттарды сандарын цифрлармен сәйкестендірдік<br>Жарайсыңдар балалар!<br><br>***Ғажайып сәт***<br>Ой, балалар қараңдаршы бізге қандай сан тосыннан ұшып келді?<br>Балалар 5-саны әдемі гүл ала келіпті, айтыңдаршы гүлдің түсі қандай?<br>Гүлдің сабағы, жапырағының түсі қандай?<br>Балалар гүлдің неше күлтешесі бар, қане бәріміз бірге санайықшы.<br>1-5 тура және кері санау<br><br>Жарайсыңдар балалар біз 1-5-ке дейін санауды үйрендік. Енді сандардың көршілерін табайықшы.<br>Керемет балалар!<br>Осы гүлдің 5 күлтешесінде 5 тапсырмалар жасырылыпты соларды орындауға дайынсыңдар | -Күз<br>-Күн суытады, жел болады, жаңбыр жауады<br>-7 күн<br>-2<br>-Жасыл<br><br><br>-Құлыптар<br><br>Балалр сәйкестендіреді.<br><br>5-саны<br><br>-Сары<br><br>-Жасыл<br><br>1-5 тура және кері санайды.<br><br>Сандардың көршілерін табады. |

| | | |
|---|---|---|
| | ма?<br>***1-тапсырма***<br>***Сандар неге ұқсайды?*** | -Иә<br><br>-Сандардың қандай заттарға ұқсағанын табады. |
| | ***2-тапсырма***<br>***"Сәйкесін тап"***<br>Сандарды нүтелермен сәйкестендіру | Тапсырларды орындайды |
| | ***3-тапсырма***<br>***Ойлан-тап***<br>Сандардың қосындыларын табу | Тапсырларды орындайды |
| | ***4-тапсырма***<br>***Жұмбақтар***<br>Сандардың азайтындысын табу | Тапсырларды орындайды |
| | ***5-тапсырма***<br>***Салыстыру***<br>Көп, аз шамаларын табу | Тапсырларды орындайды |
| | ***Сергіту сәті*** | Сергіту сәтін тәрбиешімен бірге орындайды |
| | ***Шығармашылық дағдыны қалыптастыру***<br>*І-топ Сандарды бояу*<br>*ІІ-топ Пішіндерді құрастыру* | Берілген тапсырманы орындайды. |
| **Рефлексивті түзетуші** | Балалар бүгін сендер нелермен таныстыңдар?<br><br>Қандай сан ұшып келді?<br>Қандай пішіндермен таныстық?<br><br>-Жарайсыңдар балалар, сау болыңдар! | -Цифрлармен сандармен<br>-5 саны<br>-Үшбұрыш, төртбұрыш, тік төртбұрыш, шеңбер |

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі:** Балалар тура және кері санауды білді, пішіндерді ажырата білді.
**Игереді:** Берілген тапсырмаларды дұрыс орындауды.
**Меңгерді:** Құрастыру, бояулармен жұмыс жасауды.






I-mon
5 3 2

